



№2
(13696)
15 қаңтар
сәрсенбі,
2025 жыл

СЕРПЕР

Құрманғазы аудандық
қоғамдық - саяси газеті

Газет
1930 жылдың
10 қазанынан
шыға бастады



Ser-per.kz



Serpergazeti



Серпер газеті



Serper_s@inbox.ru

БҮГІНГІ САНДА



ҚАНДАЙ
ӨЗГЕРІСТЕР
КҮТІП ТҮР?

3-бетте



ОБЛЫСТА
ТОП ЖАРДЫ

8-бетте

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІК

«ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ ҒЫЛЫМ, СПОРТ, БИЗНЕС, КРЕАТИВТІ ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДА ЗОР ЖЕТІСТІКKE ЖЕТІП ЖҮР. КӨБІ ӨНДІРІСТЕ ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА ТАБЫСТЫ ЕҢБЕК ЕТЕДІ. БҰЛ РЕТТЕ МЕН ОСЫ ЖЫЛДЫ «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАДЫМ. БІЗ ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ АБЫРОЙ-БЕДЕЛІН КӨТЕРІП, ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ, КӘСБИЛІК СИЯҚТЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДӘРІПТЕУ ҮШІН ӘЛІ ТАЛАЙ ШАРУА АТҚАРУЫМЫЗ КЕРЕК».

(ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ «МАҚСАТЫМ – ЭКОНОМИКАНЫ ЖӘНЕ ЕГЕМЕНДІКТІ НЫҒАЙТУ» АТТЫ «АНА ТІЛІ» ГАЗЕТІНЕ БЕРГЕН СҰХБАТЫНАН)



ЖЫЛДАНДЫ ДЕГЕН АУЫЛ БАР...

МИНЕ, КӨЗДІ АШЫП-ЖҰМҒАНША ЖЫЛАН ЖЫЛЫ ТӨРІМІЗГЕ ЕНІП, ЖАҢА БАСТАМАЛАР МЕН ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР БАСТАЛЫП ТА КЕТТІ. ЕНДЕШЕ, ӨНДІРІСТІ ӨНДІРДІҢ ЕҢ ІРІ АУДАНЫ САНАЛАТЫН ҚҰРМАНҒАЗЫ ТҮРҒЫНДАРЫ ДА ЖАҢА ЖЫЛДАН ЖАҚСЫ ЖАҢАЛЫҚТАР КҮТІП, ҰЛЫ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР МЕН КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН КӨП ОЙДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ТІЛЕЙДІ. ОСЫ ОРАЙДА, БІЗ ДЕ ЖЫЛАН ЖЫЛЫНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ЖОЛСАПАРЫМЫЗДЫ ЖЫЛАҢДЫ АУЫЛЫНАН БАСТАҒАНДЫ ЖӨН КӨРДІК. БҰЛ АУЫЛ АУДАНЫНЫҢ КӨРШІЛЕС РЕСЕЙ ЖАҚ БЕТІНІҢ АЛТЫН ҚАҚПАСЫ САНАЛАТЫН ДЫҢҒЫЗЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНЕ ҚАРАЙДЫ.

ЖАҢА ЖЫЛДА – ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШ
Алғашқы аядамамыз – жаңа жылдың жаңа айын жеті мың асыл тұқымды еділбай қойымен бастап отырған «Құрманғазы» атындағы өндірістік кооперативі. Бізді аталған кооперативтің басқарма



төрағасы, өңірге белгілі азамат Сабыржан Сұлтанов жылы қарсы алды.

«Менің ауыл шаруашылығы саласында үздіксіз еңбек етіп келе жатқаным қырық жылдай уақыт болды, – деп бастады өңгімесін сала майталманы. – Кезінде бұл жерде аты республикаға белгілі болған атақты қой совхозы, қазақша айтсақ, кеңшары болды. Ол елге асыл тұқымды еділбай қойын өсірумен танылды. Мен де осы

шаруашылықта еңбек еттім. Ал, еліміз егемендік алып, тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін кеңшарларды жекешелендіру үрдісі басталды. Бұл уақытта директорымыз Харес Биляшұлы болды. Ол – өз заманында бірнеше кеңшарға білікті басшы бола білген адам. Әрі, аудандық комитеттің екінші хатшысы да болды. Сөйтіп, 1998 жылы сол кісімен жан-жақты ақылдасып, кеңесе келе шаруашылықты сақтап қалу және одан әрі дамыту

мақсатында осы кооперативті құруға шешім қабылдадық.

Құдайға шүкір, сөйткен шаруашылықта бүгінде орта есеппен тұрақты түрде сексен адам жемісті жұмыс жасап жатыр. Ал, төрт түлік төлдейтін маусымдық науқан кезінде қосымша тағы елу шақты адамды қызметке қабылдаймыз. Биыл, яғни, 2025 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіш бойынша 7 мыңдай асыл тұқымды еділбай қойы тіркеліп тұр. Қазақ халқы үшін жеті киелі сан екені белгілі. Ал, оның 4 мыңы – аналық бас. Сонымен бірге, 300-ден астам асыл тұқымды қос өркешті түйе мен 150-ге тарта Қамбар ата түлігі тағы бар. Шаруашылық аумағы алыс қырда орналасқан. Ол ауылдан әрі қарай елу шақырымнан кейін басталады».

Иә, ауыл шаруашылық саласының сайыпқыранына айналған кейіпкер сөзінің жаны бар. «Еңбек етсең, емерсің» деп халқымыз текке айтпаса керек. Қара жерге қара тер төкпей жетістікке жетіп, табыша кенелу мүмкін емес. Азаттық аңсаған Алаш қайраткерлерінің бірі Бейімбет Майлиннің сөзімен айтсақ, «ауылдың жағдайы жақсы болса, алаштың төрт құбыласы тең». Олай болса, Сабыржан Қыдырсиқұлы секілді еліміздің өзгелермен терезесін тең, керегесін кең қылуға аянбай адал еңбек етіп жүрген жанкешті жаңдарға сәттілік серік болай деген тілек білдіріп, біз де сапарымызды одан әрі жалғадық.

(ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ)

ЭКОЛОГИЯ



АУДАНЫМЫЗДЫҢ ШАЛҒАЙ ЖАТҚАН АЗҒЫР ӨНДІРІНІҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ХАБАРЛАСЫП, АСАН, АЗҒЫР, СҮЙЕНДІК АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕРІНДЕ КИІКТЕР ӨЛІП ЖАТҚАНЫНА, ӨЛЕКСЕЛЕРІН ЕШКІМ ЖИНАМАЙТЫНЫНА АЛАҢДАУШЫЛЫҒЫН БІЛДІРГЕН. ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ДЕ ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ БЕЙНЕРОЛИКТЕР ТАРАУДА.

КИІК ӨЛІМІНЕ НЕ СЕБЕП?

Соңғы жылдары қыр өңірінде киік көбейіп кеткенінен хабардармыз. Олар ауданымызға, одан Батыс Қазақстан облысына еркін көшіп жүреді. «Жайылымдарымыздың шөбін жеп қояды» деген тұрғындар ренішін де естігенбіз. Бірақ, ешкім тиіспеген. Енді сол дала еркесінің өліміне не себеп? Араларында әлдебір дерт тараған жоқ па? Осыны білмек ниетпен қыр бойындағы округ әкімдеріне шықтық. Лауазым иелері өз тараптарынан ондай жағдай орын алғанын растап, мұның табиғи заңдылық екенін айтып, бұл жөнінде аудан әкімдігі хабардар етілгенін, тиісті шаралар алынып жатқанын, нақты ақпаратты жауапты бөлімдерден білуімізге болатынын жеткізді. Бұған дейін телеграм әлеуметтік желісіне жүктелген бейнетсірілімге орай аудан әкімінің орынбасары Қайрат Бөлеков жауап беріп: «Көтеріп отырған мәселенің орынды. Қазіргі таңда Азғыр өңірінде, соның ішінде Асан ауылдық округінің аумағында киіктің өлекселері табылып жатыр. Алдымыздағы аптада әкімдікпен бірлесіп, жауапты мекеме арқылы, өлген киіктердің өлекселерін жинап жою жұмыстары ветеринариялық талаптарға сәйкес ұйымдастырылатынын қаперіңізге береміз» деген еді. Осыған

орай мән-жайға қанығып, қазір қандай жұмыстар атқарылып жатқанын білмек ниетпен аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінде болдық. Бізбен әңгімесінде аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Асқар Мұфтақ: – Орын алып отырған жағдайдан хабардармыз. Елулеп-жүздеп емес, бірлі-жарым киіктер өлуде. Қазір киіктердің шағылысатын уақыты. Шағылысқаннан кейін әлсіздерінің өлетіні – табиғи заңдылық. Атырау облысы әкімінің орынбасары Жасұлан Бисембиев 2024 жылғы 9 желтоқсан күні бекіткен «Жабайы жануарлардың (киіктердің) өлімі анықталған кезде, сондай-ақ олардың өлекселерін жою кезінде 2025-2027 жылдарға арналған ведомстваралық өзара іс-қимыл жоспары» бар. Соған сәйкес киік өлекселерін анықтау, жинау, ветеринариялық талаптарға сай өртеп-жоюмен Орал қаласындағы «ӨБ Охотзоопром» батыс өңірлік филиалы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны айналысады. Бұл мекеме киіктердің көбеюін, өсінуін, қозғалысын бақылауда ұстайды. Жануардың өлу фактісі анықталған сәттен бастап 48 сағат ішінде немесе белгілі болған

кезде осы мекемеге хабарлануы тиіс. Сол бойда келіп, тексеру актісін жасап, құжатта табылған жері мен уақытын, түрін, жас құрамын, өлген жануарлардың саны мен салмағын көрсетеді. Қажет болған жағдайда әрі қарай тексеру үшін ветеринария бойынша ұлттық референттік орталығының мамандары шақырылады. Бекітілген заңдылыққа сәйкес өлген киікке олардың мүйіздері болғандықтан жергілікті билік өкілдерінің, округ әкімдерінің жақындауға құқы жоқ. Жеке шығып жинай алмайды. Жергілікті билік өкілдерінің техника және адам күшімен көмектесуге, бірге ілесіп жүруіне ғана болады.

Біз киік өлгенін естіген бойда «ӨБ Охотзоопром» батыс өңірлік филиалы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына хабар береміз. Олардан жауапты мамандар келіп, жағдаймен танысып, тиісті шараларын алады. Мысалы, былтыр желтоқсан айының соңында 15 адам Азғыр өңіріне келіп, тиісті жұмыстарын атқарды. Сондықтан алаңдауға негіз жоқ. Бұл жұмыс тұрақты түрде аудан әкімдігінің қатаң бақылауында. Апта сайын округ әкімдерінен мәлімет алынып отыр, – деді.

Қанат ҒУМАРОВ